

Қазақ тілі

Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған

ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ







КАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ

А1

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (A1)

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923
Б37

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ тапсырмасы бойынша
Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жазылған «Қазақ тілі» әмбебап оқулығы
(А1 – қарапайым деңгей)

Редакция алқасы:
Л.Есбосынова, А.Орманова, М.Дарменова

Авторлары:

Л.Ж. Бейсенбаева – PhD , Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының оқытушысы;

А.К. Балабеков - Назарбаев университеті университетінің қазақ тілі оқытушысы, филология магистрі;

А.С. Жакыпжанова - Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Қазақ тілі: Қарапайым деңгей (А1): Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулық. – Нұр-Сұлтан: 2021. – 196 бет.

ISBN 978-601-7504-56-4

Б37 «Қазақ тілі» оқулығы тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі коммуникативтік дағдылары мен тыңдап-түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Оқулық қоғамдық өмірдің жағдаяттарын қамтып, тіл үйренушінің қатысымдық құзіретінің қалыптасуына ықпал ететін мазмұнда ұсынылған. А1 деңгейіне арналған тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларындағы тапсырмалар арқылы тіл үйренуші әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеуге және жазуға бейімдейді.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Қаз-923

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2021

МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 1. ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР! 7

1.А Қазақстанға қош келдіңіздер! 8
1.Ә Әліпби әлемі 10
1.Б Танысқаныма қуаныштымын 12
1.В Ұлтым қазақ 14
1.Г Тарауды қайталау! 16

ТАРАУ 2. МЕН ЖӘНЕ ОТБАСЫМ 18

2.А Мен және отбасым 19
2.Ә Менің достарым 21
2.Б Менің көршім 23
2.В Демалыста 25
2.Г Тарауды қайталау 27

ТАРАУ 3. МЕНІҢ МЕКЕНЖАЙЫМ 28

3.А Менің мекенжайым 29
3.Ә Менің үйім 31
3.Б Менің бөлмем 33
3.В Тазалық күні 35
3.Г Тарауды қайталау 36

ТАРАУ 4. БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ 37

4.А Біздің Отанымыз 38
4.Ә Менің қалам 39
4.Б Дәріхана қайда орналасқан? 41
4.В Жол көрсетіңізші 43
4.Г Тарауды қайталау 45

ТАРАУ 5. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ 46

5.А Мамандықтар әлемі 47
5.Ә Мамандығыңыз кім? 49
5.Б Менің жұмысым 51
5.В Қауіпті және қызықты мамандықтар 53
5.Г Тарауды қайталау 55

ТАРАУ 6. МЕНІҢ БІР КҮНІМ 57

6.А Уақыт. Сағат 58
6.Ә Апта атаулары 61
6.Б Күн тәртібі 63
6.В Менің жұмыс күнім 65
6.Г Тарауды қайталау 67

ТАРАУ 7. ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ 68

7.А Жылдың төрт мезгілі 69
7.Ә Жыл он екі ай 71
7.Б Табиғат құбылыстары 73
7.В Ауа райы болжамы 74
7.Г Тарауды қайталау 76

ТАРАУ 8. КИІМ ДҮКЕНІ 78

8.А Киімнің түсі 79
8.Ә Қандай киімді таңдайсыз? 81
8.Б Маусымдық киімдер 83
8.В Сәнді киім 85
8.Г Тарауды Қайталау 87

ТАРАУ 9. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ 88

9.А Мейрамханада 89
9.Ә Бауырсақ пісірейік 91
9.Б Менің сүйікті тағамым 93
9.В Ұлттық тағамдар 94
9.Г Тарауды қайталау 95

ТАРАУ 10. МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ 96

10.А Менің бос уақытым 97
10.Ә Театрда 100
10.Б Қаладағы орындар 102
10.В Мұражайда 105
10.Г Тарауды қайталау 107

МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 11. САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС 109

11.А Саяхатқа дайындық 110
11.Ә Әуежайда 113
11.Б Қонақүйде 115
11.В Қазақстанның көрікті жерлері 117
11.Г Тарауды қайталау 119

ТАРАУ 12. МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! 120

12.А Мереке және сыйлық 121
12.Ә Туған күн 123
12.Б Наурыз мерекесі 124
12.В Жаңа жыл 126
12.Г Тарауды қайталау 128

ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР 130

АУДИОМӘТІНДЕР 162

ТАПСЫРМА ЖАУАПТАРЫ 169

СӨЗДІК 191

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті, тіл үйренуші!

Сіз жаңа тіл әлеміне жол бастап, аса бай әрі көркем тіл – «Қазақ тілін» үйренуді мақсат етіп отырсыз. Ендеше, қолыңызға ұстап отырған кітабыңыз сізді еш жалықтырмайтынына сенімді болыңыз.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының тапсырысымен жазылған «Қазақ тілі А1» шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулығы тіл үйренушілердің тілдік қарым - қатынас әрекеттері мен тыңдап-түсіну, жазылым, сөйлесім, дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді.

Сіз қазақ тілін әліпбиден бастап үйреніп қана қоймай, күнделікті өмірге қажетті берілген шағын тақырыптарда ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай аласыз. Сонымен қоса, қажеттілікке сай сұрақтар қойып, қарапайым сұрақтарға жауап бере аласыз.

Оқулық қоғамдық өмірдің жағдаяттарын қамтып, тіл үйренушінің қатысымдық құзіретінің қалыптасуына ықпал ететін мазмұнда ұсынылған. Әрбір бетте берілген тақырыптар мен тапсырмалардың көркемдік безендірілуі қазақ ұлттық болмысын ашуға бағытталғандықтан, тіл үйренуші қабылдауына жеңіл жолды ұсынады.

А1 деңгейіне арналған тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларындағы тапсырмалар арқылы тіл үйренуші әртүрлі тақырыптар бойынша сөйлеуге және жазуға бейімделеді. Оқулық күнделікті өмірде қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға жеңіл әрі қарапайым түрде құрастырылған 12 тақырыптық тараудан тұрады.

Оқулықта берілген лексикалық тақырыптардың мазмұны жеңілден күрделіге ұстанымымен келесідей берілген:

1. Қош келдіңіздер
2. Мен және отбасым
3. Менің мекенжайым
4. Біздің Отанымыз
5. Менің мамандығым
6. Менің бір күнім
7. Жыл мезгілдері
8. Киім дүкені
9. Менің сүйікті тағамым
10. Менің бос уақытым
11. Саяхат және демалыс
12. Мереке құтты болсын!

Әрбір тарау бір бірімен мазмұндық байланыста берілген бірнеше шағын тақырыпшыларға (А, Ә, Б, В) топтастырылған және бекіту тапсырмалары бөлек тарау ретінде қамтылған. Берілген тапсырмалар (мәтіндер, сөздік қор, грамматикалық

АЛҒЫ СӨЗ

нұсқаулық, оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдыларын қамтитын жаттығулар) жеңілден күрделіге ұстанымына сәйкес сұрыпталып, жүйелілік, сабақтастық, дамытушылық принциптеріне сай жазылған.

Оқулық соңында әр тарау бойынша сөздік, қосымша қайталау тапсырмалары, аудиомәтін және тапсырма жауаптары берілген. Бұл қосымшалар сізге өз-өзіңізді тексеру мен өтілген тақырыптарды қайталауға мүмкіндік береді.

Құрметті дос! Қазақ тіл әлеміне жасаған саяхатыңыз сәтті болсын! Келесі деңгейде кездескенше!



7

ТАРАУ


ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

7.А Жылдың төрт мезгілі
7.Ә Сүйікті жыл мезгілім
7.Б Жыл он екі ай
7.В Табиғат құбылыстары
7.Г Тарауды қайталау

1 **Сөздерді жазыңыз, оқыңыз.**



1. *Жазда* күн _____ болады



2. *Қыста* күн _____ болады

Ыстық | Аяз | Жылы | Салқын



3. *Көктемде* _____ болады



4. *Күзде* күн _____ болады

2 **Сөздерді жазыңыз.**

жаңбыр | қар | боран



1. _____



2. _____



3. _____

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Жылдың төрт мезгілі

3 **Тіркестерді оқыңыз, жыл мезгіліне бөліп жазыңыз.**

- Қар ериді
- Гүлдер шығады
- Жапырақтар сарғаяды
- Жаңа жыл мейрамы болады
- Жеміс піседі
- Шаңғы тебеді
- Қар жауады
- Жаңбыр жауады
- Күн жылынады
- Боран соғады
- Суға түседі
- Күнге күйеді
- Құстар келеді







Көктем	Жаз	Күз	Қыс

4 **Диалог құрыңыз.**

- Сізге қай жыл мезгілі ұнайды?
- Ал қай жыл мезгілі ұнамайды?



1 **Сұраққа жауап беріңіз.**

- Қандай жыл мезгілін білесіз? _____
- Қай жыл мезгілін жақсы көресіз? _____

қар ериді
суға шомылу
жеміс-жидек піседі
шаңғы тебу

2 **Мәтінді тыңдап, бос орынды толтырыңыз.**

Асқар: Салтанат, сенің сүйікті жыл _____ қандай?
Салтанат: Мен _____ жақсы көремін.
Асқар: Неге? Қыста аяз болады емес пе?
Салтанат: Мен қарды жақсы көремін. Қыста шаңғы тебесің. Жаңа жыл мейрамы болады. Ал, сен қай жыл мезгілін жақсы көресің?
Асқар: Менің сүйікті жыл мезгілім – _____.
Салтанат: Неге?
Асқар: Көктемде күн _____ болады. Жылы жақтан құстар келеді, қар ериді, гүлдер шығады.
Салтанат: _____ мезгілі ұнай ма?
Асқар: Жаз _____. Жазда адамдар суға түседі, күнге күйеді. Бірақ маған _____ ұнамайды.
Салтанат: Неге?
Асқар: Күзде күн салқындайды. Күн _____ болады.
Салтанат: Келіспеймін. Күздің де қызықтары бар. Күзде жемістер піседі, балалар мектепке барады.
Асқар: Жақсы, сенің пікіріңмен келістім. Әр жыл мезгілі әдемі.

3 **Кім екенін табыңыз.**

	Салтанат	Мадина
1. Сүйікті жыл мезгілі - қыс	☐	☐
2. Сүйікті жыл мезгілі - көктем	☐	☐
3. Күзді ұнатпайды	☐	☐
4. Төрт мезгілді де әдемі деген ойда	☐	☐

4 **Төрт мезгілге қатысты тіркестерді жазыңыз.**


КӨКТЕМ	*Құс келеді, ...*
ЖАЗ	
КҮЗ	
ҚЫС	


5 **Жыл мезгілі туралы жазыңыз.**

• Сүйікті жыл мезгіліңіз қандай?

• Ауа райы қандай болады?


Менің сүйікті жыл мезгілім



1 **Ай аттарын оқып, жыл мезгіліне бөліп жазыңыз.**

Қаңтар • Ақпан • Наурыз • Сәуір • Мамыр • Маусым
Шілде • Тамыз • Қыркүйек • Қазан • Қараша • Желтоқсан

Қыс айлары	Көктем айлары	Жаз айлары	Күз айлары
			
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

2 **Оқыңыз.**

- Қаңтар қыстың салқын айы
- Мен сәуір айында тудым
- Қазанда жапырақтар сарғаяды
- Қарашада салқын жел соғады
- Шілде айында күн ыстық болады

3 **Ай аттарын жазыңыз.**

1. Күздің екінші айы _____
2. Қыстың бірінші айы _____
3. Жаздың үшінші айы _____
4. Көктемнің бірінші айы _____
5. Жаздың екінші айы _____
6. Күздің бірінші айы _____

4 **Диалог құрыңыз.**


А	Ә
Қай айда тудың?	_____ айында тудым, ал сіз ше?
Мен _____ туылдым.	Анаңыз бен әкеңіз қай айда туылған?
Әкем _____, анам _____ туылған. Ал сіздің?	Ал менің әкем _____, анам _____ туылған.
Сіздің жердегі жыл мезгілінде ауа райы қандай?	Қысы _____, жазы _____, күзі _____, қысы _____.

5 **Сөйлемді оқыңыз, қарсы мағынада жазыңыз.**

1. Желтоқсанда күн суық *Наурызда күн жылы*
2. Қазанда жаңбыр жауады _____
3. Қарашада қар жауады _____
4. Маусым күн ыстық _____


1 **Сөздерді есте сақтаңыз.**


Найзағай


Күннің көзі


Жаңбыр


Бұршақ


Тұман


Жел


2 **Сәйкестендіріңіз.**

1. Найзағай	**а.** түсті
2. Күннің көзі	**ә.** ойнады
3. Жаңбыр	**б.** соқты
4. Тұман	**в.** жауды
5. Жел	**г.** шықты
6. Бұршақ	**ғ.** жауды

3 **Оқыңыз.**

- Бұршақ қашан жауды?
- Бұршақ кеше жауды. Ертең жаңбыр жауады.
- Оны қайдан білесіз?
- Ауа райы болжамынан.
- Бүгін күн ашық, бірақ кешке найзағай ойнайды
- Жаңбыр жауа ма?
- Жаңбыр жаумайды.

4 **Картаға қараңыз, жауап беріңіз.**



- Бұл қай жыл мезгілінің ауа райы болжамы?
- Бұл қай айдың ауа райы болжамы?
- Қай жерде күн ыстық?
- Ауа температурасы төмен үш жерді айтыңыз.
- Қай жерде жаңбыр болады.


5 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Қаладағы жыл мезгілінде күн қандай?
- Жазда ең жоғары температура нешені көрсетті? Ол қай жылы болған?
- Қыста ең төмен температура нешені көрсетті? Ол қашан болды?
- Басқа жыл мезгілде ауа температурасы қалай өзгерген?

Орал	ҚЫС	КӨКТЕМ	ЖАЗ	КҮЗ
Ең жоғары	+8,2 2012 жыл	+35,4 1967 жыл	+41,6 1954 жыл	+38,8 2003 жыл
Ең төмен	-43,1 1942 жыл	-35,2 1954 жыл	-1,1 1949 жыл	-32,6 1953 жыл
Орташа	-9,8	+6,5	+21,6	+6,2

1 Сөзжұмбақты шешіңіз.

1. Күздің екінші айы
2. Көктемнің бірінші айы
3. Күздің бірінші айы
4. Жаздың үшінші айы
5. Жаздың екінші айы
6. Жаздың бірінші айы



2 Суреттерге қараңыз, жазыңыз.



1. _____



2. _____



3. _____



4. _____



5. _____




6. _____



7. _____



8. _____



9. _____



3 **Бос орындарға қажет сөзді қойыңыз.**

_____ жауып тұр
_____ түнеріп тұр
_____ ойнап тұр
_____ жауып тұр
_____ шығып тұр
_____ соғып тұр
_____ түскен



4 **Сипаттаңыз.**

- Бүгінгі ауа райы қандай?
- Ауа температурасы нешені көрсетіп тұр?



8

ТАРАУ

КИІМ ДҮКЕНІ

8.А Киімнің түсі
8.Ә Қандай киімді таңдайсыз?
8.Б Маусымдық киімдер
8.В Сәнді киім
8.Г Тарауды қайталау


1 **Суреттерді төмендегі киім аттарымен сәйкестендіріңіз.**


1


2


3


4


5


6

A. Пальто - № ___

B. Аяқ киім - № ___

C. Шалбар - № ___

D. Күрте - № ___

E. Бас киім - № ___

F. Белдемше - № ___

G. Жейде - № ___


H. Етік - № ___

I. Көйлек - № ___

J. Тон - № ___


7


8


9


10

Назар аударыңыз!

Сын есім - заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін, иісін т.б. қасиеттерін білдіретін сөздер. Сұрақтары – қандай? қай?

Мысалы: *ұзын, қысқа, қызыл, әдемі, биік, қара т.б.*

КИІМ ДҮКЕНІ

Киімнің түсі

2 **Түстермен танысыңыз.**























3 **Суреттегі киімдердің түстерін жазыңыз.**

1. Күртенің түсі _____
2. Шалбардың түсі _____
3. Жейденің түсі _____
4. Етіктің түсі _____
5. Белдемшенің түсі _____
6. Туфлидің түсі _____
7. Бас киімнің түсі _____
8. Көйлектің түсі _____
9. Пальтоның түсі _____
10. Тонның түсі _____

4 **Сөздермен сөйлем құраңыз.**


1. Менің	қызыл	көйлек	бар
2. Мен	жасыл	түс	жақсы көру
3. Кеше	жейде	сары	сатып алдым
4. Сенің	туфли	ақ	әдемі

КИІМ ДҮКЕНІ

Қандай киімді таңдайсыз?

1 **Сөздермен танысыңыз.**

- *Киім мөлшері*
- *Киіну бөлмесі*
- *Ұзын*
- *Қысқа*
- *Қымбат*
- *Арзан*
- *Қалың*
- *Жұқа*
- *Кең*
- *Тар*



2 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ерлерге	Қыздарға
Шолақ балақты шалбар киесіз бе?	*Етегі ұзын белдемше киесіз?*
Костюмнің түймесін тағып кигенді ұнатасыз ба?	*Жеңі жоқ көйлектер киесіз бе?*
Киімде қалта болғанды ұнатасыз ба?	*Жағалы жемпіріңіз бар ма?*

3 **Сөздердің антонимдерін жазыңыз.**

Ұзын белдемше	*Қысқа* белдемше
Қалың жемпір	_____ жемпір
Арзан жейде	_____ жейде
Ақ туфли	_____ туфли
Ұзын жең көйлек	_____ көйлек
Кең балақты шалбар	_____ балақты шалбар
Үлкен аяқ киім	_____ аяқ киім

КИІМ ДҮКЕНІ

Қандай киімді таңдайсыз?

4 **Диалогті тыңдаңыз, бос орындарға қажет сөзді жазыңыз.**

Кеңесші: Қайырлы күн! Сізге қалай көмектесе аламын?
Сатып алушы: Қайырлы күн! Мен _____ іздеп жүрмін.
Кеңесші: Киім _____ қандай?
Сатып алушы: Кейде 36,ал кейде 38
Кеңесші: Түсінікті. Қандай _____ белдемше іздедіңіз?
Сатып алушы: Мен _____ _____ ұнатамын.
Кеңесші: Онда сізге мына _____.....___түсті белдемшені ұсынғым келеді.
Сатып алушы: Әдемі екен, бірақ мен ұзындау белдемше іздеп едім.
Кеңесші: Бұл тым _____ма? Онда жасыл белдемшені көріңіз.
Сатып алушы: Маған ұнап тұр.
Кеңесші: Киіп көресіз бе?
Сатып алушы: Иә, киіп көрейін. Киіну __.....____қай жерде?
Кеңесші: Менімен жүріңіз.

Диалог бойынша сұрақтарға жауап бер.

A. Сатып алушы қандай дүкенге келді?
B. Сатып алушы нені алуға келді?
C. Кеңесші қандай түсті киімді берді?
D. Сатып алушының киім мөлшер неше?

5 **Диалог құрыңыз.**

- Киім дүкеніне барған ұнай ма?
- Соңғы рет не сатып алдыңыз?
- Қандай түсті ұнатасыз?
- Қандай түс ұнамайды?
- Киім таңдауға кіммен барасыз?

6 **Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Киім дүкеніне барған ұнай ма?
- Соңғы рет не сатып алдыңыз?
- Қандай түсті ұнатасыз?
- Қандай түс ұнамайды?
- Киім таңдауға кіммен барасыз?


1


2


3


4

1 **Кімнің не кигенін табыңыз, сәйкестендіріңіз.**









A. Жеңі жоқ жасыл көйлек киген.
B. Аяғына қызыл етік киген.
C. Сұр костюм, қоңыр пальто киген
D. Қара күрте киген.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

• Суреттегі адамдар қандай маусымға сай киінген?

• Қандай қыстық киімдерді білесіз?

• Қандай жаздық киімдерді білесіз?



2 **Сөздерді оқыңыз және есте сақтаңыз.**

Құлақшын • Бөрік • Тон • Қолғап • Пима











КИІМ ДҮКЕНІ


Маусымдық киімдер

3 **Мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Менің есімім – Сәуле. Мен әдемі киінгенді ұнатамын. Қыстық киімдерді алғанды жақсы көремін. Біздің елде қыс суық, сондықтан жылы киінемін. Кеше киім дүкеніне барып, құлақшын, тон сатып алдым. Сол дүкеннен пима көрдім, бірақ менің маған шағы жоқ. Пиманы қазақ дизайнерлері әдемі тіккен. Киім дүкені маған ұнады.


А. Мәтінде қандай киім атаулары бар?
Ә. Сәуле қандай киімдерді ұнатады?
Б. Сәуле пиманы неге алмады?
В. Пиманы кімдер тіккен?
Г. Сәулеге киім дүкені ұнады ма?

4 **Маусымдық киімдерді жазыңыз.**

Қыстық киімдер	Жаздық киімдер	Көктемгі және күздік киімдер	
			
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____


5 **Диалог құрыңыз.**

- Сенің күртеңнің түсі қандай?
- Күртемнің түсі _____
- Күртең қалың ба, жұқа ма?
- Күртем _____
- Қыста қандай бас киім киесің бе?
- Қыста бас киім _____



1 **Сөздерді оқыңыз, кестеге бөліп жазыңыз.**

Қалпақ | Күрте | Тон | Етік | Кепка | Белбеу | Сөмке | Туфли










Бас киім	Аяқ киім	Сырт киім	Аксессуар

2 **Артығын тауып белгіле. Неге екенін түсіндір.**

- Туфли, күрте, етік
- Орамал, көйлек, жейде
- Тон, пальто, туфли
- Сөмке, қолшатыр, костюм

КИІМ ДҮКЕНІ

Сәнді киім

3 **Форумдағы хатты оқыңыз.**

ФОРУМ

Сәуле_95	Бәріңізге сәлем! Мен кеше сәнді киім дүкеніне барып, қара түсті ұзын көйлек алдым. Ұзын көйлекпен киетін пальтом жоқ. Ұзын көйлектің сыртынан қысқа күрте киюге бола ма?
Нұргүл97	Ұзын көйлекпен қысқа күрте кимейді, сондықтан пальто сатып алыңыз.
Жанар92	Мен стилиспін, адамдарға жеке имидждік кеңес берумен айналысамын. Ұзын көйлекті қысқа күртемен кие берсеңіз болады.
Айдын_ұсыныстар	Сәнді тондар сатылады. Тиімді бағамен. Жекеге жазсаңыз болады.

4 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сәуле нені сұрады?

A. Ұзын көйлектің бағасын
B. Ұзын көйлекті немен киюге болатынын
C. Ұзын көйлекті қайда алуға болатыны

Кімнің жауабы сенімдірек?

A. Нұргүл97
B. Жанар92
C. Айдын_ұсыныстар

Кімнің жауабы сұраққа қатысты емес?


A. Нұргүл97
B. Жанар92
C. Айдын_ұсыныстар

5 **Сәулеге өз жауабыңды жазыңыз.**

1 **Адасқан әріптерді орнына қойыңыз, киім атауларын жазыңыз.**

A. тно _____
B. аямкиік _____
C. елдемшеб _____
D. лөйкек _____
E. ралбаш _____
F. ітек _____
G. күтер _____
H. бамкисі _____
I. джейе _____

2 **Көйлектердің түстерін жазыңыз.**



3 **Суреттегі адамдардың киімдерін сипаттап жазыңыз.**

- Қандай киім киген? *- Киімінің түсі қандай?* *- Үстіндегі киімі қай маусымға сай?*







_____ _____ _____
_____ _____ _____
_____ _____ _____
_____ _____ _____
_____ _____ _____
_____ _____ _____
_____ _____ _____



МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ

9.А Мейрамханада
9.Ә Бауырсақ пісірейік
9.Б Менің сүйікті тағамым
9.В Ұлттық тағамдар
9.Г Тарауды қайталау

9
ТАРАУ

1 **Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**

2 **Сәйкестендіріңіз.**


.....


.....


.....


.....

1 тағамдар
2 қуырдақ
3 кофе
4 сусын
5 шай
6 көкөніс салаты
7 нан
8 шырын


.....


.....


.....


.....

3 **А. Тыңдаңыз. Белгілеңіз. Ол не алды?**

- ☐ қазақша ет
- ☐ қуырдақ
- ☐ шырын
- ☐ кофе
- ☐ нан
- ☐ шай
- ☐ салат
- ☐ сүт



Назар аударыңыз!

Грамматика

Маған ..... беріңізші.
Етістік + жіктік жалғау
+ *ші* \ *шы*

3 **Ә. Қайта тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.**

1. Қандай тамақ аласыз?	☐	☐	**А.** Қара нан беріңізші.
2. Сусын аласыз ба?	☐	☐	**Ә.** Қуырдақ.
3. Нан қажет пе?	☐	☐	**Б.** Рақмет!
4. Қош келдіңіз!	☐	☐	**В.** Шырын беріңізші.

4 **Жауап беріңіз.**

Сіз не аласыз?

Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.
Маған ..... беріңізші.










5 **Керек сөзді жазыңыз, оқыңыз.**

Мен ..... ішемін.
Мен ..... жеймін.
Мен ..... аламын.
Мен ..... жақсы көремін.

Бауырсақ пісірейік



1 **А. Оқыңыз.**

Мен бүгін таңғы асқа бауырсақ пісірдім. Бауырсақ өте дәмді болды. Менің отбасым бауырсақты жақсы көреді. Бауырсақ пісіру оңай және жылдам. Сіз бауырсақ пісіресіз бе?

бауырсақ
жақсы көру
жұмыртқа
қосу
қуыру

Ә. Тыңдаңыз. Тиісті суреттерді белгілеңіз.










2 **А. Тиісті сөзді жазыңыз.**

- Самал, ... өте дәмді! Не қостың?
- Жұмыртқа және сүт .....
- Қандай майға .....?
- Көкөніс майына қуырдым.
- Менің анам аздап сары ..... қосып қуырады.
- Иә, олай да болады. Өте ..... болады.

қуырдың
бауырсағың
дәмді
қостым
май

МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ

Бауырсақ пісірейік

2 **Ә. Жауап беріңіз.**

1. Ол бауырсаққа не қосты?
2. Оның анасы не қосады?
3. Бауырсақ қандай болды?

3 **Тиісті сөзді жазыңыз, оқыңыз.**

Бауырсақ пісіру үшін ....., ..., ... керек.
Бауырсаққа ....., ..., ... қосады.
Бауырсақты ....., ..., ... қуырады.

Назар аудар!

Грамматика

Мен бауырсақ пісірдім.
Өткен шақ.
-ды \ -ді \ -ты \ -ті



1 **Жауап беріңіз.**

1. Сіз қандай тағамды жақсы көресіз?
2. Сіз тамақ дайындайсыз ба?
3. Таңғы асқа не жейсіз?

таңғы ас
оңай
пісіру
тұз
май
су

2 **Етістіктерді болымды түрде айтыңыз.**

1. Мен таңғы асты үйде **ішпеймін**.
2. Мен таңғы аста нан **жемеймін**.
3. Мен шырын жақсы **көрмеймін**.
4. Мен тамақ **пісірмеймін**.
5. Мен тамаққа май **қоспаймын**.
6. Мен көкөніс салатын **дайындамаймын**.

Назар аудар!

Грамматика

Мен бауырсақ пісірмедім.
Өткен шақ.
-ды \ -ді \ -ты \ -ті
(болымсыз түрі)

3 **Сөйлемдерді қарсы мағынада айтыңыз.**

1. Мен таңғы асқа бауырсақ **пісірмедім**.
2. Мен таңғы асымды сағат 8:00-де **ішпедім**.
3. Біз тамаққа тапсырыс **бермедік**.
4. Олар түскі асқа мейрамханаға **бармады**.

4 **А. Тыңдаңыз.**

Ә. Диалогта айтылған тағамдарды белгілеңіз.

- ☐ қазақша ет
- ☐ таңғы ас
- ☐ кешкі ас
- ☐ палау
- ☐ Испан тағамы
- ☐ көкөніс салаты
- ☐ макарон
- ☐ бауырсақ

5 **Жауап беріңіз.**

Сізге қандай тағам ұнайды?

МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМЫМ

Ұлттық тағамдар

Ұлттық тағамдар
ет тағамдары
сүт тағамдары
шығыс тағамдары
қытай тағамдары
еуропалық тағамдар

1 **Үлгі бойынша оқыңыз.**

Үлгі: *Ол қазақ ұлттық тағамдарын дайындай алады.*

Ол	*шығыс тағамдарын*	**дайындай алады.**
	еуропалық тағамдар	
	қазақ ұлттық тағамдар	
	қытай тағамдарын	
	ет тағамдарын	
	сүт тағамдарын	
	көкөніс салатын	

Назар аударыңыз!

Грамматика

Мен еуропалық тағамдар дайындай аламын.
«й\и алу» құрылымы

2 **Тыңдаңыз.**
А. Сұхбатта айтылған тағамдарды белгілеңіз.



- ☐ Ұлттық тағамдар
- ☐ Еуропалық тағамдар
- ☐ Шығыс тағамдары
- ☐ Қытай тағамдары
- ☐ Қазақша ет
- ☐ Неміс тағамдары

Ә. Қайта тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.

- Асқар, сен қандай ..... дайындай аласың?
- Қазақ ..... тағамдары ұнайды. Сен ше?
- Мен еуропалық тағамдарды, әсіресе, ... тағамдарын.
- Мен қазақша ет ..... аламын. Самал, сен қытай тағамдарын дайындай аласың ба?
- Жоқ, оны дайындау оңай емес. Мен ..... сатып аламын.

3 **Сәйкестендіріңіз.**

1. Сізге еуропалық тағамдар ұнай ма?	☐	☐	**А.** Ұлттық тағамдар бар жерге.
2. Сіз қазақша ет дайындай аласыз ба?	☐	☐	**Ә.** Иә, әсіресе, неміс тағамдары.
3. Қандай мейрамханға барамыз?	☐	☐	**Б.** Әрине, оны дайындау қиын емес.

4 **Жауап беріңіз.**

Сіз қандай тағамдар дайындай аласыз?

шығыс тағамдары
көкөніс салатын
сүт тағамдарын
қазақ ұлттық тағамдарын
еуропалық тағамдар
қытай тағамдарын

1 **Сұхбатты толықтырыңыз. Тапсырыс беріңіз.**

қуырдақ | шырын | көкөніс салаты | шай

Даяшы: - Сәлеметсіз бе! Қандай тапсырыс бересіз?

Сіз: - .....



2 **Етістіктерді өткен шақта жазыңыз.**

1. Мен таңғы асқа бауырсақ ..... (*пісіру*)
2. Ол түскі асын мейрамханда ..... (*ішу*)
3. Тамақ өте дәмді ..... (*болу*)
4. Мен қазақша етке тапсырыс ..... (*беру*)
5. Сен көкөніс салатын сатып ..... (*алу*) ба?

3 **Сөйлемдерді қарсы мағынада айтыңыз.**

1. Маған шығыс тағамдары ұнайды.
2. Мен түскі асқа сорпа дайындадым.
3. Менің анам дәмді қуырдақ пісірді.
4. Біз қытай тағамдары мейрамханасына бардық.
5. Ол қазақша ет дайындай алады.

4 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**



1. Сізге қандай тағамдар ұнайды?
2. Сіз кешкі асқа не сатып алдыңыз?
3. Сіз қандай тағамдар дайындай аласыз?



10
ТАРАУ

МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ

10.А Менің бос уақытым
10.Ә Театрда
10.Б Қаладағы орындар
10.В Мұражайда
10.Г Тарауды қайталау



1 **Сәйкестендіріңіз.**

1) *Кітап оқу*
2) *Музыка тыңдау*
3) *Спортпен айналысу*
4) *Сурет салу*
5) *Фитнеске бару*
6) *Театрға бару*
7) *Теледидар көру*
8) *Суретке түсіру*
9) *Саябақта демалу*


А) - __


Ә) - __


Б) - __


В) - __


Г) - __



Ғ) - __



Д) - __



Е) - __


Ж) - __

2 **Үлгі бойынша оқыңыз.**

Үлгі: *Ол кітап оқуды жақсы көреді.*



1. кітап оқуды



2. музыка тыңдауды



3. футбол ойнауды




4. спортпен айналысуды



5. сурет салуды



6. ән айтуды



7. теледидар көруді



8. жүгіруді

Назар аударыңыз!

Мен ..... жақсы көремін\ұнатамын.

Тұйық етістік+табыс септігі

3 **Тыңдаңыз. Толықтырыңыз.**

- бос уақытында
- театрға баруды
- кино көремін
- музыка тыңдауды
- сурет салуды

1. Мен бос уақытымда _____ жақсы көремін.
2. Ол бос уақытында _____ жақсы көреді.
3. Мен бос уақытымда _____ ұнатамын.
4. Олар _____ спортпен айналысады.
5. Мен бос уақытымда _____.

4 **Сәйкестендіріңіз.**

1. Мен бос уақытымда ...	☐	☐	а) сурет салуды ұнатамын.
2. Мен бос уақытымда ...	☐	☐	ә) суретке түсіруді жақсы көреді.
3. Ол бос уақытында ...	☐	☐	б) фитнеске барамын.
4. Ол бос уақытында ...	☐	☐	в) оқуды ұнатады.
5. Мен бос уақытымда тамақ ...	☐	☐	г) футбол ойнайды.
6. Ол бос уақытында кітап ...	☐	☐	г) жасауды жақсы көремін.

5 **Оқыңыз.**



6 **Жауап беріңіз.**

Сіз бос уақытыңызда не істейсіз?	Сіз бос уақытыңызда не істеуді ұнатасыз?

МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ

Театрда

отбасымен бірге болу
бақша өсіру
саяхат жасау
жаяу қыдыру
ұйықтау
балық аулау
жаттығу жасау
сауда жасау
адамдармен сөйлесу
жиі
рөл ойнау

1 **Жазыңыз. Олар бос уақытында не істейді?**

<table>
<tr><td> 
Самал</td><td> 
Асқар</td><td> 
Марат</td></tr>
<tr><td>_____
_____</td><td>_____
_____</td><td>_____
_____</td></tr>
<tr><td> 
Қайрат</td><td> 
Айман</td><td> 
Мұрат</td></tr>
<tr><td>_____
_____</td><td>_____
_____</td><td>_____
_____</td></tr>
</table>

2 **Сөздерді пайдаланып жауап беріңіз.**

Сіз бос уақытыңызда не істеуді ұнатасыз? Не істеуді ұнатпайсыз?

- ☐ Кітап оқу
- ☐ Отбасымен бірге болу
- ☐ Бақша өсіру
- ☐ Музыка тыңдау
- ☐ Саяхат жасау
- ☐ Кинотеатрға бару
- ☐ Теледидар көру
- ☐ Жаяу қыдыру
- ☐ Спорт
- ☐ Ұйықтау
- ☐ Балық аулау
- ☐ Компьютер ойнау
- ☐ Жаттығу жасау
- ☐ Сауда жасау
- ☐ Адамдармен сөйлесу

3 **А. Тыңдаңыз. Белгілеңіз.**

	дұрыс	бұрыс
Олар театр туралы сөйлесті.		
Асқар театрға жиі барады.		
Айжан театрға жиі бармайды.		
Айжан театрға баруды жақсы көрмейді.		
Айжан комедияны ұнатады.		
Асқар барлық спектакльдер көруді жақсы көреді.		

жиі
кейде
сирек

Ә. Қайта тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

баруды	жиі	барлық	уақытымда	спектакльдер

Айжан: - Асқар, сен театрға 1_____ барасың ба?

Асқар: - Иә, бос 2_____ жиі барамын. Сен ше, Айжан?

Айжан: - Мен кейде барамын, бірақ театрға 3_____ жақсы көремін.

Асқар: - Саған қандай спектакльдер ұнайды?

Айжан: - Маған комедиялық 4_____ ұнайды. Саған ше?

Асқар: - Маған 5_____ спектакльдер ұнайды.

4 **Оқыңыз.**

Бұл – менің сүйікті театрым. Мен бос уақытымда мұнда жиі келемін. Театр репертуарында көп қызық спектакльдер бар. Маған комедиялық спектакльдер ұнайды, себебі олар қызықты. Актерлер рөлдерін өте жақсы ойнайды. Комедиялық спектакльдерге көрермендер көп келеді. Кейде залда орын болмайды.



МЕНІҢ БОС УАҚЫТЫМ

Қаладағы орындар

ойын-сауық орталығы
шолу шеңбері
мұхитарал

1 **Оқыңыз. Есте сақтаңыз.**



Бәйтерек



Хан шатыры




Нұр-әлем



«Астана опера» театры



«Ailand» ойын-сауық орталығы




Мұхитарал

2 **Жауап беріңіз.**

Арман бос уақытында қайда барады?

Бәйтерекке • Хан шатырына • Нұр-әлемге • Астана опера театрына • Мұхитаралға

Арман	барады	барады	барады	бармайды	барады
					
	+	+	+	-	+

1. _____.

2. _____.

3 **Сөздерді пайдаланып жауап беріңіз.**

Бәйтерекке,
Хан шатырына,
Нұр-әлемге,
Астана опера театрына,
Мұхитаралға,
Астана опера театрына

– Сіз Нұр-Сұлтанда болдыңыз ба?
– Иә, _____.
– Нұр-Сұлтанда қайда бардыңыз?
– _____.

4 **А. Тыңдаңыз. Белгіленіз.**

Олар қайда барды?

1. Бәйтерек	☐
2. Хан шатыры	☐
3. Нұр-әлем	☐
4. «Астана опера» театры	☐
5. «Ailand» ойын-сауық орталығы	☐
6. Мұхитарал	☐

Назар аударыңыз!

Барыс септігі: *-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, - а*
Өткен шақ және келер шақ
Мен Бәйтерекке бардым.
Мен Бәйтерекке барамын.


Ә. Қайта тыңдаңыз. Толықтырыңыз.

орталығына | бардым | бос | уақытында | ұнады

Самал: – Арман, сен 1..... ..... қайда бардың?
Арман: – Мен Бәйтерекке 2..... Ал, сен ше?
Самал: – Мен «Ailand» ойын-сауық 3..... бардым.
Арман: – Саған «Ailand» 4..... ма?
Самал: – Иә, ұнады. Ол жерде «Мұхитарал», «Джунгли» театры және «Шолу шеңбері» бар екен.



5 **Оқыңыз.**



Біз өткен аптада «Ailand» ойын-сауық орталығына бардық. Орталықтың бұрынғы атауы – «Думан». Ол жерде «Мұхитарал», «Джунгли» театры, «Аквапарк» және «Шолу шеңбері» бар. Маған «Мұхитарал» және «Шолу шеңбері» қатты ұнады. Мұхитаралдан әртүрлі балықтар мен акула көрдім. Судың астында жүресің, өте қызық! Сосын Шолу шеңберіне отырдық. Ол жерден Нұр-Сұлтан әдемі көрінеді.

6 **Қарсы мағынада жазыңыз.**

1. Біз өткен аптада «Ailand» ойын-сауық орталығына бардық – _____.
2. Маған «Мұхитарал» және «Шолу шеңбері» қатты ұнады – _____.
3. Мұхитаралдан әртүрлі балықтар мен акула көрдім – _____.
4. Сосын Шолу шеңберіне отырдық – _____.
5. Ол жерден Астана әдемі көрінеді – _____.

7 **Жауап беріңіз.**



1. Сіз қай қалада тұрасыз?
2. Қалада қандай орындар бар?
3. Сіз бос уақытыңызда қайда жиі барасыз?

ұлттық мұражай
тарихи заттар
кітаптар
суреттер
тегін
ақылы
мешіт

1 **Тыңдаңыз. Дұрыс жауаптарды белгілеңіз.**

1) Ол мұражайға қаншалықты барады?

☐ а) үнемі ☐ ә) кейде ☐ б) сирек

2) Ол қашан мұражайға барады?

☐ а) апта сайын ☐ ә) ай сайын ☐ б) бос уақытында

3) Ол қай мұражайға барады?

☐ а) қалалық ☐ ә) ұлттық ☐ б) сурет мұражайына

4) Оған не ұнайды?

☐ а) тарихи заттар ☐ ә) қызық заттар ☐ б) көрмелер

2 **Үлгі бойынша айтыңыз.**

Үлгі: Маған мұражайдағы фотосуреттер залы ұнайды.

Маған мұражайдағы _____ **ұнайды.**

тарихи заттар
суреттер
ұлттық киімдер
лазер шоу
Тәуелсіз Қазақстан залы
кітаптар

3 **Оқыңыз.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражай – ең үлкен мұражай. Мұражай– Тәуелсіздік даңғылында. Мұражайдың жанында «Қазақ елі» монументі, Тәуелсіздік сарайы, «Хазірет Сұлтан» мешіті және Ұлттық өнер университеті бар. Мұражайда 14 зал бар. Мысалы, Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Тарих залы т.б. Залдарда кітаптар, тарихи заттар және суреттер бар.

Мұражай дүйсенбі күні жұмыс істемейді. Басқа күндері сағат 10:00-нан 18:00-ға дейін жұмыс істейді. Каникул кезінде оқушыларға тегін.

4 **Жауап беріңіз.**



1. Ұлттық мұражай қандай?
2. Мұражай қай даңғылда?
3. Мұражайдың қасында нелер бар?
5. Мұражайда қандай залдар бар?
6. Мұражай қай күндері жұмыс істейді?

5 **Қарсы мағынада жазыңыз.**

1. Ұлттық мұражай – ең кішкентай мұражай.

_____.

2. Мұражайдың жанында Ұлттық өнер университеті жоқ.


_____.

3. Мұражай дүйсенбі күні жұмыс істейді.

_____.

4. Каникул кезінде оқушыларға ақылы.

_____.



1 **Кейіпкерлер туралы ақпарат жазыңыз. «ұнату +» , «ұнатпау-».**

	Асқар	Айдар
Кітап оқу	+	-
Спортпен айналысу	+	-
Музыка тыңдау	+	+
Қала аралау	+	-
Театрға бару	-	+
Мұражайға бару	-	+
Теледидар көру	-	+

2 **Етістіктерді өткен шақта болымды және болымсыз формада жазыңыз.**

1. Мен бос уақытымда мұражайға бардым _____.
2. Ол таңертең үнемі жаттығу жасады \ _____.
3. Олар кеше театрда қызықты спектакль көрді _____.
4. Актерлер рөлдерін жақсы ойнады _____.
5. Театрға, мұражайға адамдар көп келді _____.
6. Шолу шеңберінен қала әдемі көрінді _____.

3 **Жауап беріңіз.**

1. Сіз бос уақытыңызда ***жиі\сирек*** не істейсіз?

4 **Сөздерді барыс септігінде жазып, сөйлем құраңыз.**

Үлгі: Спортзал – *спортзалға*. *Мен үнемі спортзалға жаттығу жасау үшін барамын.*

1. Бәйтерек – _____. _____.
2. Мұражай – _____. _____.
3. Дүкен – _____. _____.
4. «Астана опера» театры – _____. _____.
5. «Ailand» ойын-сауық орталығы – _____. _____.

5 **Сурет бойынша 3 сөйлем келер шақта, 3 сөйлем өткен шақта жазыңыз.**





1. .....
.....
2. .....
.....
3. .....
.....
4. .....
.....
5. .....
.....
6. .....
.....







САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

11.А Саяхатқа дайындық
11.Ә Әуежайда
11.Б Қонақүйде
11.В Қазақстанның көрікті жерлері
11.Г Тарауды қайталау

11
ТАРАУ

САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Саяхатқа дайындық

билет
ұшақ
әуежай
қонақүй
ағылшынша сөйлеу

1 **Жауап беріңіз.**

1. Демалыста қайда бардыңыз?
2. Кіммен бардыңыз?
3. Не көрдіңіз?
4. Ол жер ұнады ма?
5. Немен бардыңыз?



2 **Қарсы мағынада жазыңыз.**


1. Асқар демалыста Атырауға барды. _____.
2. Ол ата-анасымен бірге барды. _____.
3. Ол Атырауға пойызбен барды. _____.
4. Оған Атырау және Жайық өзені ұнады. _____.

3 **Сәйкестендіріңіз.**


1


2


3



4



5



6



7


8

А. - __ билет

Ә. - __ ұшақ

Б. - __ әуежай

В. - __ вокзал

Г. - __ Қонақүй

Ғ. - __ ресепшн

Д. - __ Ағылшынша сөйлеу

Е. - __ Мекенжай сұрау

4 **Сәйкестендіріңіз.**

1. билет	☐	☐	А. сұрау
2. қонақүйге	☐	☐	Ә. сатып алу
3. ағылшынша	☐	☐	Б. бару
4. мекенжай	☐	☐	В. сөйлеу

5 **Жауап беріңіз.**

1. Сіз билет сатып алдыңыз ба?
2. Ол ағылшынша сөйлей ме?
3. Сізден мекенжай сұрауға бола ма?
4. Сіз қонақүйге барасыз ба?



6 **Тиісті сөзді қойыңыз. Оқыңыз.**

Асқар: - Самат, сәлем! Сен қазір қайдасың?

Самат: - Сәлем, Асқар. Мен 1_____.

Асқар: - Өзің қайдасың? 2_____ бе?

Самат: - Иә, мен осындамын.

Асқар: - Самат, қонақүйдің 3_____ қандай?

Самат: - Республика көшесі, 5-үй.

Асқар: - Жақсы, қазір барамын.

мекенжайы

әуежайдамын

қонақүйдесің

7 **Жауап беріңіз.**



1. Олар қайда?
2. Асқар қайда барады?

1 **Тиісті сөзді қойыңыз. Оқыңыз.**

жүк

ұшу

қону


төлқұжат


тіркеу орны


жолаушы

мекенжай сұрау
ұшу
қону
тіркеу орны
төлқұжат
жолаушы
жүк өткізу
ұшаққа отырғызу
қол жүгі
күтіп алушы













2 **А. Тыңдаңыз. Дұрыс жауапты таңдаңыз.**

	дұрыс	бұрыс
1. Ұшақ сағат 14:00-де ұшады.	☐	☐
2. Ұшаққа отырғызу сағат 15:00-те басталады.	☐	☐
3. Ұшақ 3 –отырғызу залынан ұшады.	☐	☐
4. Жолаушы жүк өткізді.	☐	☐

Ә. Қайта тыңдаңыз. Керек сөздерді жазыңыз.

- Сәлеметсіз бе! 1_____ бола ма?
- Сәлеметсіз бе! Мінекейіңіз.
- Рақмет! Міне 2_____ Ұшақ сағат 14:50-де ұшады.
- 3_____ отырғызу нешеде басталады?
- Сағат 14:00-де. 3-отырғызу 4_____. Жүк өткізесіз бе?
- Жоқ, менде тек 5_____ жүгі.
- Жолыңыз болсын!
- Рақмет!

3 **Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.**

1. Хабарландыру кімдерге айтылды?
2. Хабарландыру не туралы болды?
3. Қай рейс кешігеді?

4 **Сәйкестендіріңіз.**

1. Алматы-Лондон рейсі сағат нешеде қонады?	☐	А. 4-залдан ұшады.
2. Жүк өткізесіз бе?	☐	Ә. Ұшақ 20 минутқа кешігеді.
3. Ұшақ нешінші залдан ұшады?	☐	Б. Иә, менің жүктерім бар.

1 **Тыңдаңыз. Дұрыс ақпаратты белгілеңіз.**

	дұрыс	бұрыс
1. Қонақүйде бос бөлмелер бар.	☐	☐
2. Жолаушыларға екі адамдық бөлме керек.	☐	☐
3. Олар бір кісілік екі бөлме алды.	☐	☐
4. Олар 7 күнге бөлме алды.	☐	☐
5. Ол карта арқылы төлем жасады.	☐	☐

бос бөлме
бір адамдық бөлме
қолма-қол төлеу
карта арқылы төлеу
құжаттар
қабат

2 **Тиісті сөздерді қойып оқыңыз.**

адамдық	Сәлеметсіз бе!	құжаттарыңызды	бөлме	үш күнге	қолма-қол

- Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз!
- 1_____ ! Сіздерде бос бөлме бар ма?
- Қазір бір минут. Неше адамдық бөлме қажет?
- Бізге бір 2_____ екі бөлме болса.
- Иә, бізде орындар бар. Неше күнге аласыздар?
- Бізге 3_____ керек.
- Әрине, 4_____ әлде карта арқылы төлейсіздер ме?
- Карта арқылы төлейміз.
- Жақсы, онда 5_____ бола ма?
- Мінкейіңіз.



3 **3 сұраққа «иә» 3 сұраққа «жоқ» деп жауап беріңіз.**

1. Бөлмеде теледидар бар ма?
2. Карта арқылы төлейсіз бе?
3. Бес күнге төлем жасайсыз ба?
4. Бөлмеде тоңазтқыш бар ма?
5. Екі адамдық бөлме бар ма?
6. Бөлмеде балкон бар ма?



4 **Сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап жазыңыз.**

1. Қандай бөлме аласыз?	9:00-ден 11:00-ге дейін
2. Неше күнге тоқтайсыз?	Жарық әрі кең
3. Нешінші қабаттан алғыңыз келеді?	Екі күнге
4. Төлемді қалай жасайсыз?	Үшінші немесе төртінші
5. Таңғы ас сағат нешеде басталады?	Карта арқылы

5 **Жағдаят.**

Сіз қонақүйге келдіңіз. Тіркеу бөліміндегі қызметкерге 5 сұрақ қойыңыз. Сұрақтарды жазыңыз.

1. _____.
2. _____.
3. _____.
4. _____.
5. _____.

1 **Сәйкестендіріңіз.**


Бурабай
Солтүстік Қазақстан

Көлсай
Оңтүстік Қазақстан


Шарын шатқалы
Оңтүстік Қазақстан

Қайыңды көлі
Оңтүстік Қазақстан

танымал орын
туристік орын
көрікті жерлер
серуендеу
шаңғы тебу
жаз кезінде




1. .....




2. .....


Қожа-Ахмет Яссауи кесенесі
Оңтүстік Қазақстан



3. .....



4. .....



5. .....

2 **Үлгі бойынша оқыңыз.**

Бурабай	Солтүстік Қазақстанда	
Шарын шатқалы	Оңтүстік Қазақстанда	
Көлсай	Оңтүстік Қазақстанда	**орналасқан.**
Қайыңды көлі	Оңтүстік Қазақстанда	
Қожа-Ахмет Яссауи кесенесі	Оңтүстік Қазақстанда	

САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Қазақстанның көрікті жерлері

3 **Жауап беріңіз.**

Сіз қай жерге бардыңыз? Қай жерге бармадыңыз?

Бурабайға | Шарын шатқалына | Көлсайға | Қайыңды көліне | Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне

Мен ..... бардым.

Мен ..... бармадым.

2 **Оқыңыз. Жауап беріңіз.**

Бурбай Қазақстандағы танымал туристік орын. Бурабайдың табиғаты, қонақүйлері туристерге ұнайды. Бурабайды екінші Швецария деп атайды. Жаз кезінде орман, тауда жаяу серуендеуге болады. Ал қыста шаңғы, коньки тебуге болады.

Сондай-ақ, Қазақстанда тарихи орындар көп. Мысалы, Айша-Бибі кесенесі, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесі т.б. Ал, табиғи көрікті жерлер Шарын шатқалы, Көлсай, Қайыңды көлі т.б. бұл орындарға туристер көп келеді.

1. Туристерге не ұнайды?
2. Қай жерді екінші Швецария деп атайды?
3. Бурабайда не істеуге болады?
4. Қай жерлерге туристер көп барады?

2 **Жауап жазыңыз.**

1. Сіз қай қалада тұрасыз? _____
2. Қандай әдемі жерлер бар? _____
3. Туристер келе ме? _____
4. Тау бар ма? _____
5. Көл бар ма? _____



1 **Кейіпкерлер туралы ақпарат беріңіз.**

Кім?	Қайда?	Не істеу?
Самат	қонақүй	бөлме алу
Қайрат	әуежай	билет сатып алу
Айдар	тіркеу орны	жүк өткізу
Сәуле	қала	мекенжай сұрау



2 **Рейстердің ұшу және қону уақытын айтыңыз.**

РЕЙС	ҰШУ	ҚОНУ	КЕШІГУ	ТЕРМ
DV 723 Алматы- Лондон	14:00	17:00	Қонды	T2
КС 953 Нұр-Сұлтан- Шымкент	15:00	18:00	Қонды	T2
КС 855 Тараз-Өскемен	12:00	13:30	Қонды	T2



3 **Болымсыз түрде жазыңыз.**

1. Олар жүк _____ (өткізу)
2. Менің досым ағылшынша _____ (сөйлеу)
3. Сен билет сатып _____ (алу)
4. Мен Бурабайда _____ (болу)
5. Қазақстанға туристер көп _____ (келу)
6. Ұшақ бүгін сағат 14:00-де _____ (ұшу)



4 **Сұрақ дайындаңыз.**

Сіз қонақүйге келдіңіз. Ресепшндегі қызметкерге 5 сұрақ қойыңыз.



Наурыз

12
ТАРАУ

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

10.А Мереке және сыйлық
10.Ә Туған күн
10.Б Наурыз мерекесі
10.В Жаңа жыл
10.Г Тарауды қайталау

1 **Оқыңыз. Есте сақтаңыз!**

Мереке	Мерекені
Туған күн	Туған күнді
Жаңа жыл	Жаңа жылды
Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамын
Балалар күні	Балалар күнін

балалар күні
кәдесый
сыйлық беру
мереке
туған күн
Жаңа жыл
Наурыз мейрамы
сыйлық

2 **Жауап беріңіз.**

Сіз қай мерекені жақсы көресіз? Неге?

Үлгі: *Мен туған күнді жақсы көремін.*

Мен	туған күнді	*жақсы көремін, себебі* _____.
	Жаңа жылды	*жақсы көремін, себебі* _____.
	Наурыз мейрамын	*жақсы көремін, себебі* _____.
	Балалар күнін	*жақсы көремін, себебі* _____.
	8 наурыз мерекесін	*жақсы көремін, себебі* _____.
	Көрісуді	*жақсы көремін, себебі* _____.

3 **Оқыңыз. Есте сақтаңыз! Сыйлық түрлерін жазыңыз.**

Есте сақтаңыз!

НЕ?	НЕНІ?	ҚАНДАЙ СЫЙЛЫҚ?
сыйлық	сыйлықты	гүл, кітап, қалам, телефон, _____,
кітап	кітапты	_____, _____,
гүл	гүлді	_____.
кітап	кітапты	
кәдесый	кәдесыйды	



4 **Жауап беріңіз.**

Сіз қандай сыйлықты ұнатасыз?

Үлгі: *Мен _____ ұнатамын.*

Мен	кітапты	*жақсы көремін, себебі* _____.
	гүлді	*жақсы көремін, себебі* _____.
	_____	*жақсы көремін, себебі* _____.
	_____	*жақсы көремін, себебі* _____.
	_____	*жақсы көремін, себебі* _____.
	_____	*жақсы көремін, себебі* _____.




5 **Оқыңыз.**

– Асқар, сенің туған күнің қашан?
– Жазда, 15 тамызда. Сенің туған күнің қашан?
– Көктемде, 7 желтоқсанда.
– Сен қандай сыйлықты жақсы көресің?
– Мен кітапты жақсы көремін. Сен ше?
– Мен қаламды ұнатамын.



6 **Жауап беріңіз.**

Сіз		досыңызға	**қандай сыйлық бересіз?**
	туған күнде	атаңызға	
	Жаңа жылда	әжеңізге	
	Наурыз мейрамында	анаңызға	
	Балалар күнінде	әкеңізге	
	8 наурызда	балаңызға	
		әріптесіңізге	



Грамматика

Табыс септік

Сұрақтары: **нені? кімді?**
Жалғаулары: ***-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні, -н***

1 **Суретке қараңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Қандай мереке?

2. Ол неше жаста?

3. Оған кімдер қонаққа келді?



қонаққа келу
отбасылық мереке
қонақ шақыру
туған күн иесі
құттықтау
ашық хат

2 **Өзіңіз туралы жазыңыз.**

Менің атым – _____.

Мен _____ жастамын.

Менің туған күнім _____.

Маған қонаққа _____ келді.

Олар маған _____ сыйлады.

3 **Диалог құрыңыз.**

– Сенің туған күнің қашан?

– Менің туған күнім жазда, 15 мамырда.

– Сенің туған күнің қашан?

– Менің туған күнім _____, ____ _____.

4 **Досыңыз туралы ақпарат беріңіз.**

Сұрақтар

1. Оның туған күні қашан?
2. Ол неше жасқа толды?
3. Ол туған күнін тойлады ма?
4. Қонаққа кімдерді шақырды?
5. Сен оған не сыйладың?



5 **Отбасыңыз туралы ақпарат беріңіз.**

			4 қараша.
	ағамның		_____
	інімнің		_____
	әпкемнің		_____
Менің	қарындасымның/ сіңлімнің	**туған күні**	_____
	.....		_____
	.....		_____
	.....		_____

6 **Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Туған күн – отбасылық мереке. Туған күн – адам үшін ең маңызды күн. Адамдар туған күнді отбасымен тойлайды және қонақтар шақырады. Туған күн иесіне сыйлықтар береді. Мысалы, кітап, ашықхат, гүл, телефон және планшет. Туған күн иесіне тілектер айтады. Мысалы: «денсаулығың мықты болсын!», «аспаның ашық болсын!», «қуанышты күндерің көп болсын!», «сабағыңды төрт пен беске оқы!», «ата-анаңның қуанышы бол!», «ұзақ өмір тілеймін!» т.б.

1. Туған күн неге маңызды мереке?
2. Туған күнде не істейміз?
3. Туған күнде қандай тілектер айтылады?

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Наурыз мерекесі

дастархан жаю
қонақтар келу
алтыбақан тебу
асық ойнау

1 Оқыңыз.



Джем дастархан жаяды.



Үйге қонақтар келеді.



Адамдар алтыбақан тебеді.



Балалар асық ойнайды.



әншілер ән айтады.

2 **Оқыңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**

Наурыз мейрамы 22 наурыз күні тойланады. Ол күні Наурыз көже және бауырсақ пісіреді. Наурыз көже дәмді. Наурыз көже – ұлттық тағам. Наурыз күні үйге 1_____ келеді. Отбасы 2_____ жаяды. Алаңда концерт болады. Әншілер 3_____ айтады. Адамдар 4_____ тебеді. Балалар 5_____ ойнайды. Мен Наурыз мейрамын жақсы көремін.

ән

дастархан

асық

қонақтар

алтыбақан

3 **Сөйлемдерді жалғастырыңыз.**

1. Әжем дастархан _____.
2. Үйге қонақтар _____.
3. Адамдар алтыбақан _____.
4. Балалар асық _____.
5. Әншілер ән _____.

4 **Жауап беріңіз.**

– Наурыз мейрамы қашан болады?
– _____.

– Ол күні не болады?
– _____.

– Балалар не істейді?
– _____.

– Наурызда қандай тамақ пісіреді?
– _____.

– Сіз Наурыз мейрамын жақсы көресіз бе?
– _____.

5 **Жауап беріңіз.**

1. Сіз Наурыз мерекесінде не істейсіз?
2. Кімдерге сыйлық бересіз?
3. Қонаққа барасыз ба?



МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жаңа жыл

шырша
безендіру
отшашу
денсаулық тілеу
бақыт тілеу
қуаныш тілеу

1 Оқыңыз.



Жаңа жыл



шырша



отшашу



ашықхат



сыйлық



безендіру

2 **Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**

Бүгін – 31 _____.
Бүгін қалада _____ болады.
Ертең – Жаңа жыл. Бүгін _____ безендіреміз. Мен достарыма және отбасыма _____ беремін. Мен анама және әкеме _____ сыйлаймын.

Есте сақтаңыз!

	ертең, бүгін	кеше
Мен	сыйлық беремін	сыйлық бердім
Сен	сыйлық бересің	сыйлық бердің
Сіз	сыйлық бересіз	сыйлық бердіңіз
Ол	сыйлық береді	сыйлық берді

3 **Досыңызбен оқыңыз.**

– Бүгін 31 желтоқсан. Сен не істейсің?
– Мен шырша безендіремін. Ашықхат жасаймын.
– Сен әжеңе және атаңа не сыйлайсың?
– Мен ашық хат сыйлаймын.
– Ашықхатқа не жазасың?
– «Ата, сізді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Денсаулық, бақыт, қуаныш тілеймін!» деп жазамын.



4 **Тиісті сөзді қойыңыз.**

ашықхат | желтоқсан | отшашу | шырша | беремін

Бүгін – 31 _____. Бүгін қалада _____ болады. Мен достарыма және отбасыма сыйлық _____. Мен анама және әкеме _____ сыйлаймын. Бүгін _____ безендіреміз.

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Тарауды қайталау

1 **Досыңызбен сөйлесіңіз.**

– _____, сенің туған күнің қашан?

– _____, _____ Сенің туған күнің қашан?

– _____, _____

– Сен қандай сыйлықты жақсы көресің?

– Мен _____ жақсы көремін. Сен ше?

– Мен _____ жақсы көремін

2 **Жауап беріңіз.**

Сіз қай мерекені жақсы көресіз? Неге?







3 **Досыңызбен сөйлесіңіз.**

– Ертең 8 наурыз. Анаңа не сыйлайсың? *ана*

– Ашықхат сыйлаймын. Сен ше? *гүл*

– Мен гүл сыйлаймын. *ашықхат*

– Ертең 8 наурыз. _____ не сыйлайсың? *әжеңе*

– _____ сыйлаймын. Сен ше? *ашықхат*

– Мен _____. *кітап*

– Ертең 8 наурыз. _____ не сыйлайсың? *әпкеңе*

– _____ сыйлаймын. Сен ше? *қалам*

– Мен _____ сыйлаймын. *кітап*

4 **Үлгі бойынша оқыңыз.**

		денсаулық	
		бақыт	
Мен	сізге	қуаныш	тілеймін.
		_____	
		_____	

5 **Туған күнге арнап тілек жазыңыз.**

Анаңның туған күніне	Досыңның туған күніне	Мұғаліміңнің туған күніне



ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

1-ТАРАУ

1 **Әріптерді ретімен қойып, сөздер құрастырыңыз.**

аңт - _____ шарыш - _____

лаба - _____ ысыд - _____

под - _____ көлекбе - _____

дызжұл - _____ шақұ - _____

тағас - _____

2 **Берілген сөздерді көптік жалғауын жалғап, кестеге жазыңыз.**

Әке, Ана, Әже, Ата, Аға, Ұл, Бала, Қыз, Әпке, Іні, Сіңлі, Немере, Қарындас

-лар	-лер	-дар	-дер	-тар	-тер

3 **Қажетті сөздерді жазыңыз.**

Менің ұлтым қазақ.
Мемлекетім _____

Менің ұлтым түрік.
Мемлекетім _____

Менің ұлтым ағылшын.
Мемлекетім _____

Менің ұлтым неміс.
Мемлекетім _____

Менің ұлтым орыс.
Мемлекетім _____

4 **Кестені толтырыңыз.**

	Жасы кіші	Жасы үлкен (ресми)
Сәлем		
Сау бол!		
Кешіріңіз!		
Қош келдің!		
Қалыңыз қалай?		

5 **Сұрақтар жазыңыз**

А.....?
Менің атым Мақсат.

Ә.....?
Мен 26 жастамын.

Б. .....?
Менің ұлтым өзбек.

В.....?
Менің мемлекетім Қырғызстан

2-ТАРАУ

1 **Қарама-қарсы мағынасын жазыңыз.**

Көріксіз, шулы, ақылды, жақсы, білімсіз, қысқа, қорқақ,

Ұзын - _____

Тыныш - _____

Жаман - _____

Ақымақ - _____


Білімді - _____

Мейірімді - _____

Батыл - _____

Әдемі - _____

2 **Сәйкестендіріңіз.**



3 **Сұрақтарға «*емес*» және «*жоқ*» сөзін қолданып, болымсыз түрде жауап беріңіз.**

Үлгі:

- Сенің атың Алмас па?

- Жоқ, менің атым Алмас ***емес****, Асқар.*

- Сенің ағаң бар ма?
- .....
- Сенің іниңнің аты Мирас па?
- .....
- Оның жасы отыз бесте ме?
- .....
- Айжанның көршісі орыс па?
- .....
- Сенің анаңның бойы ұзын ба?
- .....
- Олардың пәтері Алматы қаласында ма?
- .....

3-ТАРАУ

1 **Бос орынға сөздерді қойыңыз.**

Жуамын • Жинаймын • Сүртемін • Шығарамын

Демалыс күндері мен пәтерімді ..... . Алдымен ыдыстарды ....., киімдерді кір жуғыш машинада ..... . Теледидардың, айнаның шаңын ..... . Шкафтың ішіндегі киімдерді ..... . Еденді ..... . Сосын қоқыс ..... .

2 **Сөздерді ретімен қойып шығыңыз.**

А. Үстінде/ Үстелдің/ бар/ кітап
.....

Ә. Диванның/ Теледидар/ алдында/ бар
.....

Б. Кереуеттің / жатыр/ доп/ астында
.....

В. Жанында/ тұр/ Терезенің/ шкаф/ үлкен
.....

Г. Ішінде/ шкафтың/ бар/ киімдер
.....

3 **Жалғауларды жалғап, кестені толтырыңыз**

Анам..... жақсы көремін.
Сенің досың.....танимын.
Бөлмем..... демалыс күндері жинаймын.
Кір..... әпкем жуады.

Кімді?	Нені?
Анамды	

4-ТАРАУ

1 **Сөздерді мағынасына қарай қойыңыз.**

Пәтерім • Қазақстанда • кең және жарық • ауылда • қабатта • жанында

Мен ..... тұрамын. Алматыда менің ..... бар. Мен тоғызыншы тұрамын. Менің әжем мен атам ..... тұрады. Менің досымның пәтері ... және ... . Үйімнің ..... сауда саттық орталығы бар.

2 **Үйіңіздің жанында қандай мекемелер орналасқан? Жазыңыз.**

Менің үйім



Тіркеу қағазын толтырыңыз.

1.	Аты-жөніңіз:	
2.	Жасыңыз:	
3.	Ұлтыңыз:	
4.	Мемлекетіңіз:	
5.	Тіліңіз:	
6.	Тұратын қалаңыз:	
7.	Мекен жайыңыз:	
8.	Телефон нөміріңіз	

5-ТАРАУ



Мамандық атауын құраңыз.

Сөздер	**-шы**	**-ші**	**-гер**
Тігін			
Сату			
Заң			
Құрылыс			
Дәрі			



Жалғауды анықтаңыз.

1. Жеті жылдан бері мұғалім____
А) - мін
Ә) - мын
Б) - пын

2. Сен спортшы_____ ба?
А) - сіз
Ә) - мын
Б) - сың

3. Сіз неше жыл биші____?
А) - сіз
Ә) - пін
Б) - сың

4. Үйді салған құрылысшы_____ ба?
А) - сыздар
Ә) - сіңдер
Б) - быз

3 **Сәйкестендіріңіз.**

Мен	☐	☐	Мұғалім
Сен	☐	☐	Заңгермін
Сіз	☐	☐	Хатшысың
Ол	☐	☐	Дәрігерміз
Біз	☐	☐	Аспазсыңдар
Сендер	☐	☐	Суретшісіздер
Сіздер	☐	☐	Шаштаразсыз



4 **Кестедегі сөйлемдерді байланыстырып, сөйлем құраңыз.**

Әнші	ұшақты	айтады
Журналист	ән	алады
Ұшқыш	киім	тігеді
Тігінші	сұхбат	басқарады



5 **Мамандығыңыз туралы жазыңыз.**

Мамандығыңыз кім?
Мамандығыңызды жақсы көресіз бе?
Қайда жұмыс жасайсыз?
Еңбек өтіліңіз неше жыл?

Менің мамандығым

5-ТАРАУ

1 **Суреттегі құралдардың қандай мамандыққа қатысты екенін атаңыз.**



Күрек



Кірпіш



Ине мен жіп



Қайшы



Интерактивті тақта



Қалам



Фотоаппарат

Үлгі. Құрылысшы күректі қолданады

2 **Сөздерді дұрыс ретпен қойып, сөйлем құраңыз.**

A. Мектепте – мен – жасаймын – жұмыс
B. Банкте – жұмыс істейді – Айбар – заңгер болып
C. Олар – мамандығында – дизайнер – оқиды
D. Бос уақытында – фотоға - ол – түсіреді
E. Алина – психологиялық көмек – балалар мен ересектерге – көрсетеді

ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР



3 **Келісіңіз және қарсы болыңыз.**

Келісіңіз	Қарсы болыңыз
1. Сіз осы жұмыста көп жыл жасайсыз ба? 2. Иә, мен ... 3. Сіздің әріптестеріңіз ағылшынша сөйлей ме? 4. Иә, олар ... 5. Сіз жұмысыңызды жақсы көресіз бе? 6. Иә, мен ... 7. Сіздің анаңыз есепші ме? 8. Иә, ол ...	9. Сіздің қарындасыңыз дәрігер ме? 10. Жоқ, ..., ол ... 11. Сіздің жұмысыңыз қиын ба? 12. Жоқ, ... 13. Сіз жұмысқа күнде барасыз ба? 14. Жоқ, ... 15. Мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба? 16. Жоқ, ... 17. Дәрігер болуды армандадыңыз ба? 18. Жоқ,...





4 **Кестені толтырыңыз.**

	Заңгер	Мұғалім	Кітапханашы	Жаттықтырушы	Дәрігер	Дизайнер
Мен	*заңгермін*					
Сен			*кітапханашысың*			
Сіз						*дизайнерсіз*
Ол		*мұғалім*				
Біз						
Сендер				*жаттықтырушысыңдар*		
Сіздер					*дәрігерсіздер*	
Олар						

6-ТАРАУ (1)


1 **Сұрақтарға жауап беріңіз.**













ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

2 **Апта күндерін ретімен қойыңыз.**

	№
Сенбі	
Жексенбі	
Бейсенбі	
Сәрсенбі	
Жұма	
Дүйсенбі	
Сейсенбі	

3 **Апта күндері не істегеніңді жазыңыз.**

1. Дүйсенбіде *кітап оқыдым*
2. Сейсенбіде _____
3. Сәрсенбіде _____
4. Бейсенбіде _____
5. Жұмада _____
6. Сенбіде _____
7. Жексенбіде _____

4 **Екі мәтінді оқып, салыстырыңыз.**

Әсел
Мейрамханада аспаз

Мен күнде 7.00 де тұрамын. Жуынып, таңғы ас дайындаймын. Таңғы асқа көбіне ботқа, жұмыртқа пісіргенді жақсы көремін. Күйеуім жұмысқа 9.00-де барады. Ол алдымен балаларды балабақшаға апарады, содан кейін барып жұмысқа барады. Мен жұмысқа 10-да барамын. Түскі асты жұмыстан ішемін. Барлық отбасымызбен кешке сағат 19.00-де дастархан басында жиналамыз.

Ерік
Құрылыс компаниясының директоры

